

## **2018 – 2020 жылдарға арналған конкурстан тыс рәсімдер арқылы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 шілдедегі № 427 қаулысы

"Ғылым туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша республикалық бюджеттен бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру 2018 – 2020 жылдарға арналған конкурстан тыс рәсімдер арқылы жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 16 шілдедегі  
№ 427 қаулысына  
қосымша

## **Бағдарламалық-нысаналы қаржыландырылуы конкурстан тыс рәсімдер арқылы республикалық бюджеттен жүзеге асырылатын ғылыми-техникалық бағдарлама**

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

"2018 – 2020 жылдарға арналған "Қазақстан Республикасының қорғанысы және қауіпсіздігі мүдделеріндегі арнайы геоақпараттық платформаны әзірлеу".